

۹۸۱۲۷۸

الببلي

الببلي

ӘЛІПБИ

Älīpbī

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDА +7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындагы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастыруышылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛІПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер камтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық таныткан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

Араб харфі үйлесетін (тура келетін) дыбыс – қазақ тіліндегі дыбысты бейнелей алатын араб әліпбииңдегі таңба: (б), (м), (ж), (ð), (р), (з), (с), (з), (к), (л), (м), (н).

Араб харфі үйлеспейтін (тура келмейтін) дыбыс – қазақ тіліндегі дыбысты бейнелей алмайтын араб әліпбииңдегі таңба. Фалымдар қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың ешқайсысы араб әліпбииңдегі таңбаларды бейнелей алмайтынын ескерте келіп, араб әліпбииңдегі харіфтердің негіз – тұлғасын бұзбай, шет пұшпағын ғана өзгертіп, дауысты дыбыстарға харіф арнаған.

Арабайұлы Ишанғали (1882-1933) – қырғыз халқының ағартушысы, ғалымы, Алаш қозғалысының қайраткері. 1911 жылы белгілі қазақ ағартушысы К.Сәрсекеұлымен бірлесіп «Әліппе» жазды, еңбек төте жазумен Уфадағы Шарқ баспаханасынан жарық көрді. 1912 жылы шықкан «Жазу өрнектері» атты оқулығы қазақ тілінде жазылды. А.Байтұрсынұлының ықпалымен қазақ баспасөзінде «Қырғыз» деген бүркеншік атпен мақалалар жариялад отырды. 1926 жылы Бакуде өткен Түркітанушылардың Бүкілодактың I сиезіне қатысады. 1924 жылы жазылған «Қырғыз әліппесі» – қырғыз мектептеріне арналған тұңғыш оқулық. 1924 жылы маусымда Қазақстан Халық ағарту комиссариатының ұйымдастыруымен өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде қазақ әліпбииң құрамына қатысты өзінің пікірін білдіреді. Арабтың 4 (х, и, ф, һ) әрпін алғын тастауға болмайтынын, басқа түрік халықтарында бар болғандықтан, бір-біріміздің кітаптарымызды оки алмай қалатынымызды, сол себепті қазақша сөздерді жазуға қолданылмаса да, жат тілдер үшін қолданылатын әріптер ретінде балаларға таныстыруға керек болатыны жөнінде пікірін білдірген.



Арагон әліпбі – арагон тілінің (диалектісі) әліпбі. А.ә. 23 әріптен тұратын латынға негізделген әліпбі. Әліпбі күрамында 3 диграф (*gu*, *ll*, *rr*) бар. А.ә. *g* әрпі жіңішке велярлы шұғыл дыбысты білдіреді, *gi*, *ge* әріп тіркестерінің орнына *gu* диграфы қолданылады. Ал *i* мен *e* алдында *c* әрпі кездеспейтіндіктен, *c* әрпін *gi* диграфы алмастырады. А.ә. *rr* диграфы тек қана дауысты дыбыстардың ортасында кездеседі, ол альвеолярлы вибрант *[r]*, ал *ll* диграфы жіңішке *[l]* сонант дыбысын білдіреді. Кірме сөздерде *K* әрпінің орнына *C* немесе *Q* әріптері жұмсалады, *V* әрпі *B*-мен, ал *W* таңбасы *B* немесе *Gü* әріп тіркесімен алмастырылады. Испан тілдерінен енген кірме сөздердегі *J* әрпінің орнына *Ch* мен *X* әріптері алынған. А.ә. *gu* диграфын ажыратып оку үшін *Ü* әрпін қолданады.

Аралас әліпбі – Қытай Халық Республикасында тұратын аз ұлттардың тілдеріне арналған гибридтік әліпбі. Бұл әліпбиді күруда кеңестік тіл маманы Г.П. Сердюченко маңызды рөл атқарған. 1950 жылдардың басында КХР аз ұлттар үшін латын және кирил әліпбиең негізделген тұрлі әліпбі жобаларын ұсынған. 1955 жылы чжуан тілінің әліпбін жетілдірілді. Г.П. Сердюченко сол кезге дейін алтай тілдері тобына (қытай, қазақтар, қырғыздар, сибо, татарлар, өзбектер, үйгырлар) жататын қытай халықтары жазуының негізіне (уақытша) кирил әліпбииң қолдануды